

**Директордың жаңындағы отырыс**  
**ХАТТАМА № 1**

«25» тамыз 2022 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны— 25

Кітапханашы-2

Шағын орталық тәрбиешісі-1

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. «ҚР Тіл туралы », «Педагог мәртебесі»ҚР Заңын орындау бойынша педагогикалық ұжымның жұмысы.

2. Оку кабинеттердің жағдайы

**Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксентова тыңдалды:** Қазақстан Республикасының «Тілдер» туралы Заңың орындалуы. Тілдердің маңызы мен қоғамдағы орнын және ана тілінің қадір-қасиетін жас ұрпақтың түсіне білуін, балаларды тұған тілін сүюге, оны қорғауға және насиҳаттауға тәрбиелеу. Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің Қазақстан халқына деген сыйластығын, ұлттық қарым-қатынасын нығайту.

1. Тілдер туралы Заңының сақталуы
2. Сабактан тыс іс-әрекеттерді ұйымдастыру;
3. Мақсатты байқауларға жүйелі қатысу;
4. Мектептің безендіруін екі тілде жүргізу;

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңы 1997 жылғы 11 шілдедегі ҚР «Тілдерді дамыту мен қолданудың жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруын зерделеу барысында анықталған, «Тілдерді дамыту мен қолданудың Тәуелсіз Қазақстанның болашақ азаматтарын тәрбиелеуде мемлекеттік атрибуттарды зерделеу: Ту, Елтанба, Әнұран, олардың маңызы мен мәнін түсіндіру негізгі бағыттардың бірі болуы тиіс. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насиҳаттау және қолдану бойынша мектебінің педагогикалық қызметкерлері жетекшілікке алынды:- ҚР Конституциясы;- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 1996 ж. Окушылар арасында, олардың жас ерекшеліктеріне есепке алып мемлекеттік рәміздерді насиҳаттау жөніндегі ҚР БФМ әдістемелік ұсныстары (окыту мекемелері үшін). Жоғарыда айтылғандар бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насиҳаттау және қолдану бойынша мектебімізде: Мемлекеттік рәміздердің бір деңгейде, қажетті кезекпен орналасуы сақталады: Ту, Елтанба, Әнұран. Директордың кабинетінде: ту матада орындалған, көлемді елтаңба және ҚР Президенті (ту директордың үстелінің оң жағында орнатылған). Мектеп фойесінде мемлекеттік рәміздер бұрышы бар, арнайы бөлінген орында орналасқан. Мемлекеттік мереке күндерінде, салтанатты іс шараларды өткізуде міндетті түрде Қазақстан Республикасының рәміздері қолданылады. Қазақстан Республикасының ұлттық мереке күндерінде және басқа да мереке күндерінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Ту мектеп ғимаратында орнатылады. Мемлекеттік мереке күндерінде, салтанатты іс- шаралар басталғанда және аяқталғанда барлық қатысушылар орындарынан тұрып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраның орындаиды.. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің дұрыс қолданылуына және оны насиҳаттауды қамтамасыз етуге жауапкершілікті тәрбие ісінің орынбасары Жаксыбаева А.К. атқарады. «ҚР Тілдер туралы» Заңын орындаудың мектепшілік жоспары құрылып бекітілген; Мектепшілік жоспар бойынша әр дүйсенбі сайын саптық жиындарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны мемлекеттік тілде орындалады; «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының іске асыру бойынша Заңнаманы сақтау шенберінде мектебіміздегі көрнекті ақпараттар, маңдайшалар, стенд мәтіндерінің рәсімделуіне, іс-шаралар екі тілде жүргізуде. Деректемелер мен көрнекі ақпараттар тілі «Қазақстан

Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21- бабына сай талаптармен орындалған.

Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің қолдану ясина кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында Білім мекемесінде іс- қағаздар жүргізу мемлекеттік тілге көшірілуде. Іс – қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу үшін нормативтік құжаттар басшылыққа алынды. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» №151-1 Заңын, «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», ҚР Білім және ғылым минимтрлігінің 2003 жылғы 13 қанчардағы «Жалпы білім беру мектептерінде мектепшілік құжаттаманы жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы» №19 бұйрығын басшылыққа ала отырып іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу жұмысы бақылауға алынған. Мектептегі стендтер, кабинеттер мәндайшалары, кабинеттердегі қабырға стендтері де екі тілде рәсімделеді. Қабылдау бөлмесінде іс қағаздарының үлгілері де бір тілде берілген. Мектеп бойынша іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу мәселесі директордың жаңындағы кеңесте жыл сайын қаралады.

Мектеп бойынша құжаттарды мемлекеттік тілде рәсімделу жұмысы жоспар бойынша іске асуга. Іс қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу – мемлекеттік тілді қолдану мен дамытудағы ең өзекті мәселелерінің бірі. Күнделікті жұмыста аудандық білім беру бөлімінен, басқа құзырлы мекемелерден мемлекеттік тілде түсken құжаттарға, ақпараттық материалдарға, хат – хабарларға байланысты анықтамалар, жауаптар мемлекеттік тілде жіберіледі. Мемлекеттік тілді дамыту және қолдану аясын кеңейту бағытында жоспар бойынша келесі жұмыстар жүргізілуде: Педагог кадрлардың жеке еңбек шарты, бұйрықтар кітабы, алфавиттік кітап, сыйнып журналының беттері, окушылардың табельдері, педагогикалық кеңестерінің, директордың жаңындағы отырыстардың, әдістемелік отырыстардың хаттамалары, кіріс, шығыс құжаттары, мектеп сайты екі тілде жүргізіледі. Тілдерді қолдану мен дамыту аясында мектепте және мектептен тыс іс шаралары жоспарланған. Соның ішінде: Тілдер күніне арналған іс-шаралардың жоспары әзірленіп, мектеп директорымен бекітілген.

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293 Осы Заң педагог мәртебесін айқындауды, педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

#### 4-бап. Педагог мәртебесі

Қазақстан Республикасында педагогтің ерекше мәртебесі танылады, бұл оның кәсіптік қызметін жүзеге асыруы үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

Білім беру саласында кәсіптік қызметін жүзеге асырған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті ұйыммен еңбек қатынастарында болған кезеңде адам педагог мәртебесіне ие болады.

Педагог лауазымдарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

#### 5-бап. Педагогтік әдеп

Педагогтік әдеп заңдылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Педагогтік әдепті бұзы тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа алып келеді.

Педагогтік әдепті білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

#### 6-бап. Педагогтің кәсіптік қызметін қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші педагогке ол кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;
- 2) одан Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыруға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулар жүргізуге;

4) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге жол берілмейді. Мемлекеттік орта білім беру үйымдарының педагогтерін олар кәсіптік қызметтің жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес үйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.

**Екінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксеитова тындалды:**

Оку кабинеттеріне жауапты мұғалімдер бекілді, сыйнып жетекшілер мен пән мұғалімдері.

Оку кабинеттері таза, жарлық.

Кабинет атауы	Сынып	Сынып жетекшілер	Кабинетке жауапты
АӘТД			Хадылет Онербек
Тәлімгер			Жұмабай Баршагұл
Бастауыш сыйнып	16 26	Жаканова А.А.	Жаканова А.А.
Бастауыш сыйнып	0а 3б	Каркенова А.К. Джаканова А.А.	Джаканова А.А.
Бастауыш сыйнып	3а 4а	Досмагамбетова Ж.Ж.	Досмагамбетова Ж.Ж.
Бастауыш сыйнып	1а 2а	Шокыбаева А.К. Хахтай Г.	Шокыбаева А.К.
Кітапхана			Мажитова И.В. Оспанова А.М.
Мұғалімдер бөлмесі			Абдрахманова С.К.
Химия			Хурман Б. Заманбек А.
Тарих	5а 11а	Хурман М. Жұмабай Б.	Парахатов Е.Ж.
География	6б 8б	Шокубасова А.М.	Хурман М.
Психолог			Шокубасова А.М.
Информатика			Сарсембаева Д.К.
Физика			Төленді И.Н.
Ағылшын тілі	6а 8а	Райымбек С.Р. Джаканова А.Р.	Аубакиров С.С.
Қазақ тілі мен әдебиеті	7а 9а	Смагулова М.Ш. Жұмабай Б.	Зиябай Б. Молдагайсина Н.О.
Орыс тілі мен әдебиеті	5б 10б	Куц Е.А.	Куц Е.А.

**Шешім:**

- «ҚР Тіл туралы», «Педагог мәртебесі» ҚР Заңын орындау бойынша педагогикалық ұжымның жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
- Оку кабинеттерінің жағдайы жақсартылсын.

Төрайымы:

Хатшы:

А.Аксеитова

Н.Молдагайсина

